

Бекітемін
№51 гимназия директоры
Г.Ж.Дарибаева
«__» _____ 2024ж



«Бояулар сыр шертеді» үйірмесінің жұмыс жоспары

Үйірме жетекшісі: Төремұратов Қ

2024ж

«Бояулар сыр шертеді» үйірме жұмысының бағдарламасы



Түсінік хат

Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелеріне сәйкес еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің бастауыш сатысында таңдау курстары енгізілді. Жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысында «Бейнелеу өнері» пәні оқытылады. Осыған орай үйірме жұмысы оқушылардың қызығушылығы мен шығармашылық деңгейін қалыптастыру үшін жас ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыруға беріледі.

Бағдарламаның бағытталуы «Бояулар сыр шертеді» көркем-эстетикалық бағыттағы үйірме жұмысы ұзақ мерзімде жүргізілетін бағдарлама болып есептеледі. Орта буынның оқушыларына арналаған. Аптасына 1 сағаттан, жылына 36 сағатты құрайтын бағдарламада оқушылар бейнелеу өнері туралы терең білім ала отырып, іс жүзінде қолдана алуды меңгереді. Бағдарлама орта буын оқушыларына арналған оқулықтарын, әдістемелік құралдарын негізге ала отырып дайындалды.

Сонымен қатар бағдарламада пішіндердің салыну заңдылықтары, түстермен жұмыстану, қылқаламмен және бейнелеу өнерінде қолданылатын басқа да құралдарымен жұмыс жасау, бояу түрлерін меңгере отырып, қолдану тәсілдерін оқып, үйренетін болады. Еліміздің танымал суретшілерінің жұмыстарымен танысып, суреттер бойынша талдау жүргізіп сақталған заңдылықтарды ескеруді меңгереді.

Бағдарламаның маңыздылығы берілген тақырыптардың өмірмен байланысты болып келуінде. Қазіргі таңдағы тұлғаның шығармашылықпен жұмыстанып, сыни көзқараспен өз ойын тереңнен жеткізе алатындай болуы қажет екенін білеміз. Міне, осыны ескере отырып, мен өз бағдарламамда жаңа үлгідегі талаптармен жұмыстануды қажет ететін тұлғаға бағытталған жұмыс түрін ұсынғым келеді.

Қоршаған ортаның әсемдігін түсініп, көріп, мәдени көз-қарас қалыптасып, көркемдік-эстетикалық талғамын дамытып, еңбекқорлық және шығармашылық белсенділігін арттырып, мақсатқа жетуде табандылық, көмек көрсету, сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі дамытуға арналаған тақырыптар бойынша жұмыстануға бағытталған іс-әрекеттер жиынтығынан құралады.

Бағдарлама оқушыларға халықтың тұрмыс-тіршілігімен танысуға, қолданылған әдістерді оқып-үйренуге, құрбыларының алдында өзінің шығармашылық жұмысын көрсете алып, өзіндік идеяның маңыздылығын түсініп, өзгеге және өзіне баға бере алуына мүмкіндік береді.

Оқушының абстрактілі, логикалық және эмоцианалды ойлау, көңіл бөлу, бағалау және елестету қабілеттері дұрыс бағытта дамыған жағдайда тәрбие процесінің оң нәтижесін көруге болады. Осы орайда бағдарлама тақырыптарымен жүргізілетін жұмыстар маңыздылығы ескерілді.

Бағдарламаның басты мақсаты:

Бейнелеу өнері пәні бойынша оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру, теориялық және тәжірибелік іскерліктерін шыңдау. Оқушыға әр нәрсенің құрылысын айқындап, бейнелеу, заттың көлемі, пішінін дәл беруге оқыту және әдіс-тәсілдерін игерту, көркемдік білім беру, бейнелеу сауаттылығын арттыру.

Мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер алға қойылады:

- Қызығушылығын ояту, құралдармен жұмыс жасау, бейнелеу өнерінің түрлерімен танысу, алған білім-білік дағдыларын бекіту және қолдану аясының кеңдігін көрсету;
- Көркемдік-шығармашылық – сыни ойларын іске асыруда шығармашылықпен ойластыру және елестету, түстерді қолдану, оқушылар үшін қолжетімді техникалармен сурет салу тиімділігін анықтау
- Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, тазалыққа, әсемдікке сүйсіне білуге, талғампаздыққа тәрбиелеу

Сабақ №	Тақырыбы	Сағат саны	мерзімі
	I тоқсан		
1	Кіріспе.Өңгіме.	1	6.09.24
2	Экскурсия. Күзгі ағаштарды,жапырақтарды, гүлдерді, аспанны күзету, бақылау.	1	13.09.24
3	«Біз күзді бейнелейміз». Көріністер таңдау, набойлар. Бояу.	1	20.09.24
4	Күзгі ағаштарды бейнелеу, бояу (жалғасы).	1	27.09.24
5	Адамдарды (балаларды) бейнелеу және оларды қыркып алып суреттерге жабыстыру.	1	4.10.24
6	Суреттерде жіберілген қателерді жөндеу, бөліктерін (деталдарын) қайта сызу, контурларын жөндеу.	1	11.10.24
7	Монотипия. Техникасымен танысу. Пейзаж. Сюжет таңдау, жұмысты орындау.	1	18.10.24
8	Оттиск. Қағазға, картонға жапырақтарды бейнелеу.	1	18.10.24 (25.10.24)
	II тоқсан		
9	Күзгі жапырақтарда кілемше. Аппликация. Техникасымен танысу. Жұмыстың басталуы. Эскиз	1	8.11.24
10	Жапсырмалы аппликация (жалғасы).	1	15.11.24
11	Жапсырмалы аппликация (аяқталуы).	1	22.11.24
12	Дақтардан сурет салу. Бояуларды қағазға құю.	1	29.11.24
13	Дақтарды суретке айналдырамыз. Контурларын салу.	1	6.12.24
14	Терезеге сурет салу «Аяз ата мен ақшақар»	1	13.12.24
15	Терезеге сурет салу «Аяз ата мен ақшақар»	1	20.12.24
16	Декоративтік сурет «Көңілді қолшатырлар». Акварель, фломастер.	1	27.12.24
	III тоқсан		
17	Қысқы пейзаж. Бояумен сурет салу. Бояулардың араласуы.	1	10.01.25
18	Қысқы пейзаж. Суреттегі артқы және алдыңғы жоспар.	1	17.01.25
19	Пейзаждың аяқталу жұмысы.	1	24.01.25
20	«Көңілді қолшатырлар» қолшатырларды ою — өрнектермен безендіру.	1	31.01.25
21	Терезедегі өрнектер (пастель, свеча) акварель	1	7.02.25
22	Терезедегі өрнектер (пастель, свеча) акварель	1	14.02.25

23	Құттықтау ашық хатының модулін дайындау	1	21.02.25
24	Құттықтау ашық хатын дайындау	1	28.02.25
25	Пастель және акварель мен жұмыс. Пейзаж	1	7.03.25
26	Пастель және акварель мен жұмыс. Пейзаж.	1	14.03.25
ІҮ тоқсан			
27	Экскурсия. Күзету. Набойлар салу	1	4.04.25
28	Натюрморт. Көктем гүлдері	1	11.04.25
29	Натюрморт. Көктем гүлдері	1	18.04.25
30	Аппликация. (обрывная) Материалдарды жабыстыру	1	25.04.25
31	Аппликация. (обрывная) Материалдарды жабыстыру	1	2.05.25
32	Ұжымдық жұмыс. Сюжеттерді бір композицияға үйлестіру	1	16.05.25 (9.05.25)
33	«Жазды бейнелейміз» сюжет , эскиз таңдау	1	16.05.25
34	Көрме ұйымдастыру	1	23.05.25
Барлық сағат саны		34	

Бағдарламаны оқытудағы күтілетін нәтиже:

Бейнелеу өнерінің барлық әдіс-тәсілдерін танып білген тұлға өз жұмысының жетістігін көріп, оны критерилер арқылы бағалай алатындығында. Олар керемет суретші болып, кереметтей сурет салмаса да еңбекқорлығымен қажетті жетістікке жетуде жұмыстанатындығында.

Әр түрлі дәстүрлі емес техникаларды меңгере отырып, бейнелеу өнерінің адам өміріндегі орнын анықтай алуы.

Пайдаланылған әдебиеттер: (Оқушыларға)

Балаларға арналған «Бала би» танымдық журналы.

Бас редакторы: Гүлсім Мұқышева.

Ай сайын шығатын Республикалық әдістемелік журналы. 2007 №3, 2007 №7, 8.

Бас редакторы: Әбиева Фарида Бейбітқызы.

Пайдаланылған әдебиеттер: (Мұғалімдерге)

Ай сайын шығатын «Технология» Республикалық әдістемелік журналы.

Бас редактор Әбиева Фарида Бейбітқызы 2006, 2007, 2008, 2009.

Ай сайын шығатын қоғамдық-саяси, әдеби- көркем және суретті «Қазақстан әйелдері» журналы. 2004, 2005, 2008, 2009 ж

Бас редактор: Баққожа Мұқағали.

Маргулан А.Х. Казахское народное Прикладное искусство- Алма-Ата: Өнер 1986,256 бет.

Шокпарұлы .Д. Тері өңдеу өнері, Мектептегі технология

Үйірге қатысатын оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Қабілеттілігі
1	<u>Жұмағалиев Асылжан</u>	7 е	Сурет салу
2	<u>Тұрдалы Темірхан</u>	8 Ә	Сурет салу
3	<u>Амангелді Мегдат</u>	8 Ә	Сурет салу
4	<u>Картбаев Мустахим</u>	7 е	Сурет салу
5	<u>Арыстан Азиза</u>	6 в	Сурет салу
6	<u>Шуйншалиев Арнур</u>	7 е	Сурет салу
7	<u>Құралбай Өли</u>	7 в	Сурет салу
8	<u>Базарбай Иманғали</u>	6 Г	Сурет салу
9	<u>Сейт Асылхан</u>	7 в	Сурет салу
10	<u>Арыстан Азиза</u>	7 е	Сурет салу
11	<u>Қуатов Даулет</u>	7 в	Сурет салу
12	<u>Асқар Тамерлан</u>	7 е	Сурет салу,
13	<u>Шәміл Еркабыл</u>	7 в	Сурет салу
14	<u>Сағымбай Парасат</u>	7 е	Сурет салу